С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.3. – Б.113-115

РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІҢ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сейсембай Д.

XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы болса, сол мамандарды дайындау үшін А. Байтұрсынов атамыз айтқандай «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде, ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет, тәрбиелі білімдар... Міне адам! Міне тұлға» деп сол заманда тәрбиесіз берілген білімнің пайдасынан зияны көп екенін бірер ауыз сөзбен топшылап кеткен екен.

Қазіргідей әлемдік дамудағы шапшаң ақпарат алмасу, әлеуметтік желілер, өмір тіршілігіне етене енуіне байланысты өскелең ұрпаққа қалайда теріс әсерін тигізіп отырғаны анық. Адам денесіндегі иммунитет әр түрлі вирустарға қалай төтеп берсе, рухани – адамгершілік тәрбиесі де сол тәрізді сырттан келіп жатқан қаншама ақпараттарға да солай төтеп беру керек. Ғұлама М.Жұмабаев айтқандай «Әр бір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттық тәрбиесі мен тәрбиелеуге міндетті» міне заман талабына сай білімді, әрі рухани адамгершілік құндылықтары жоғары ұрпақ тәрбиелеу негізі. Демек ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық тәлім – тәрбиені тыс қалдырмау басты міндетіміз.

Бүгінгі жас ұрпақ қандай болса, ертеңгі елдің болашағы сонымен өлшенетіні белгілі. Ал сол ұрпақты тәрбиелеу тікелей ұстаздың қолында. Жоғарыда айтып өткеніміздей Жаһандану кезінде ата – ана бала тәрбиесін ұстазға жүктеп отыр, алайда «балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады, біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Солардың ішінен бала қайсысын жақсы көрсе, сонысына көбірек ұқсағысы келеді» деп ұлы ғұлама Абай атамыз енді үлкен өмірге аяқ басып келе жатқан жас ұрпақ тәрбиесін үш жақты қарауды ұсынады. Ұстаздың педагогикалық эрудициясы неғұрлым жоғары болса, шәкірті соғұрлым рухани бай, заман талабына сай, білімді де мәдениетті болып қалыптасады.

Дегенмен, ата – аналар мен ұстаз арасындағы байланыс жас ұрпақты осынау бір өткінші кезеңінде дұрыс (жалпы мәдениетін көтеру, қазақ халқының озық салт- дәстүрлері рухында тәрбиелеп, дүние танымын, дербестігін, мінез-құлқын жетілдіру) қалыптасуына оң әсер тигізетіні белгілі. Олай болса болашақта білімді де білікті, рухани – адамгершілігі мол азамат тәрбиелеп өсіру үшін ұстаз бен ата –ана бірлесе жұмыс істесе оң нәтиже берері хақ.

Ұлттық білім беру жүйесін отбасының тәрбие беру үдерісі мен мектептің білім беру үдерісін ұштастыра отырып жүзеге асырмаса оны модернизациялау

мүмкін емес. Жұмыс басты ата – ана мен тек берілген жүйе бойынша сабақ беретін ұстаздар болса, рухани – адамгершілік тәрбиенің жетім қалары сөзсіз. Келер ұрпақтың білім білік деңгейі, мәдениеті қазіргі ата – ана мен ұстаздың қолында. Осы орайда М.Дулатов айтқандай «Жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса үйрету керек».

Халқымыздың тәлім тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, ұлтжандылықты, имандылықты, қайырымдылықты дәріптейді. Рухани – адамгершілік құндылықтардың мәні, тәрбиелік маңызы туралы қазақ ғұламалары, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтардың ой-пікірлері мен көзқарастары бар. Атап айтар болсақ әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілу керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген екен, ал А. Құнанбаев атамыз «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп тұжырымдаған. Сонымен қатар адамгершілік құндылықтар жайында М.Д.Есекешова, Р.К.Төлеубекова, Р.С.Омарованың т.б еңбектерінде де кездеседі. Сонау Шоқан, Ыбырай, Абай сынды ғұламаларымыздың еңбектерінен бастап, қазақ балалар әдебиетіндегі әйгілі жазушыларымыз Б.Соқпақбаев, М.Гумеров, С.Сарғасқаев, М.Әлімбаев т.б. шығармаларында адамгершілік тақырыбы әр қырынан көрініс табады [2].

Рухани – адамгершілік ұғымы жөніндегі мәселелер қоғам дамуыф тарихымен байланысты. Рухани – адамгершілік мәселесінің негізгі ұғымдары болып: рух, рухани даму, рухани дамыған тұлға, адамгершілік, рухани – адамгершілік тәрбие болып табылады. Ж.Баласағұни «Құтты білікте» халықты адамгершілік тәрбиелік жолға насихаттау жыры тереңнен қозғалып, халқымыздың рухани қазынасы ретінде сақталған.

Рухани дамыған тұлға ол – адамзат санасынан туындаған, дүниелік құндылықтарды бойына жинақтап, өмірге дүниелік қатынастан, өмірге қанағаттанбаудан тұлға ізденіске түсіп, өзін өзі дамытады. Немесе әлеуметтік ортаның сұранысына сай болу үшін, өзін жан – жақты дамытуы. Руханилық – адам өмірінің керемет қырларының бірі, бірақ адамның рухани әрекетінің өзіндік бағыттылығы болады, ол адамгершілікпен анықталады. Адамның адамгершілігін анықтау ұзақ және жан – жақты бақылау арқылы жүзеге асады. Тек қана бір іс – әрекетінен немесе бір сөзінен анықтау мүмкін емес.

Адамгершілік – адамның рухани байлығы, білімі мен мәдениеті тепе – тең келген шағы. Айналасын және болшақ ұрпақты ізгілікке бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік жүйесі сезім, сана және адамгершілік әдет – дағды ұғымдарымен анықталады. Балалар мұғалімнің, ата – ананың бас – көз болуымен адамгершілік ережелерді, қағидаларды өзінің күнделікті өмір сүру барысындақабылдайды. Алайда адагершілік ережелері, үлгілері, нормалар мәні өзгермейтін категория емес, ол қоғамдық экономикалық, әлеуметтік жағдайдың, құбылыстың өзгеруіне байланысты өзгеріп, жаңарып отырады. Адамгершілік сапалары тек адамгершілік қатынастары қалыптасатын қоғамда, басқа адамдармен қарым-қатынаста дамиды, сенімдері жүзеге асады. Өнегелі қарым-қатынас адамгершілік дағдыларын көрсетеді.

Г.В.Лазутина «Кәсіби адамгершілік қағидалары - командирдің бұйрығы емес, нақты өсиеттер» екенін естен шығармау керектігін айтады.

Рухани - адамгершілік тәрбиесі – көп арналы, сан қырлы. Ол халықтың тілімен, әдебиетімен, тарихымен біте қайнасып, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан қастерлі мұра. Адамгершілік тәрбиесі туралы ежелгі ойшылдардың, ғалымдардың ойлары бүгінгі зерттеулерде де өз жалғасынтауып келеді.

Қорыта келгенде, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру ізгілікке бағдарланған, әсемдікпен қаруланған, ұлттық тәлім – тәрбие нәрімен сусындаған халық игілігін жасаушы болашақ азаматты тәрбиелеуге, білімдар, саналы да салауатты, «Сегіз қырлы, бір сырлы» болып өсуіне, жақсы азамат болып қалыптасуына жол ашады. Ендеше құнды біліммен қатар өнегелі тәрбие беру – біздің еншімізде тұрған абыройлы да ардақты іс.